

## *Заңгер іс-әрекетіндегі танымдық психикалық процестерді талдау.*

*Сабақ жоспары:*

- 1. Зейін мен ес заңгердің кәсіби сапасы ретінде.*
- 2. Сөйлеу және оның заң тәжірибесіндегі қызметтері.*



1) Зейін мен ес заңгердің кәсіби сапасы болып табылады.

Ес – тұлғаның индивидуалды дамуы үшін маңызды, психикалық процестердің бірі. Заңгердің кәсіби әрекетінде естің алатын орны ерекше. Оның есте сақтауы ауқымды көлеммен ерекшеленуі, есте сақтаудың мықтылығы, қажетті жағдайларды нақты қайта жаңғыртуы, қажетті ақпараттарды жылдам еске түсірумен ерекшеленеді. Куәгерлік түсінік беруді қалыптастыруда ес басты рөлді атқарады. Куәгерлердің, айыпталушының, жәбірленушінің еске түсірулерінен есте сақтаудың, қайта жаңғыртудың заңдылықтары туралы білімдерін қолдана отырып қажетті ақпаратты алу тергеуші, прокурор, адвокат, соттың басты кәсіби қасиеті болып табылады.



Ойлау мен қиял. Әр түрлі таным процестері ішінде объективті шындықты адам санасында бейнелейтін жоғарғы және күрделі процесс болып ойлау табылады. Әрбір әрекеттің мақсатқа жетуі үшін, соның қажеттілігін сезінуі және оның іске асуына мүмкіндік жасауы қажет. Ойлаудың белсенділігінсіз мақсатқа жету мүмкін емес екендігін сезіну, субъектінің алға қойған мақсатының іске асуы үшін ойлау процесінің стимулы маңызды болып табылады. Мысалы, тергеуші күрделі қылмыстық істі алғанда, өзінің ерік-жігерін, санасын да қылмысты ашуға бағдарлауы қажет.



2) Сөйлеудің заң тәжірибиесіндегі қызметтерін мысал ретінде келтірсек, тергеушінің бөтен адамдармен тез арада тез араласып кетуі, олардың өздеріне керек деректерді алу мүмкіндігі, адаммен тез сөйлесіп кетуі, эмоционалдық тұрақтылық, адамды тыңдай білуі, адаммен қарым-қатынас жасай білуі, адамның ішкі жан дүниесін тани білуі, сыйлауы, өз-өзін ұстай білуі. Бұның бәрі оның өз қызметінің шеберлігін білдіреді.



Байланысқа түсу-оның қаншалықты орындалуына байланысты. Білімді тергеуші өзінің практикасын, сөзінің мәнерін жауапкер ыңғайына қарай өзгертіп отырады.

- Динамикалық байланысқа түседі. Адамның нерв жүйесіне әсер ету арқылы күшпен, жігермен, салмақтылықпен байланысқа түседі.

Бірінші сатыда

Екінші сатыда

- Әлеуметтік сипатта болады.

- Әлеуметтік психикалық қатынас жауапкердің ыңғайын байқаумен байланысты болады.

Үшінші саты



Кейде айыпталушы өтірік мәлімет беріп, тергеуді шатастыруға, созуға тырысады. Сөйтіп, қылмыстық іс ашылмай қалады. Ондай жағдай кем де кем кездеседі. Айыпталушымен тығыз байланыста ғана тергеуші қылмыстық іс жайлы толық мәлімет ала алады. Қазіргі тергеушілер тергеу жүргізу барысында адамзатқа тән көптеген түрлі білімдердің бәрін қолдануға тырысады. Ол оған мәлімет жинауға көмектеседі.

Психология, логика, паралингвистика, қылмыстық процесс және тактика – бұл ғылымдар тергеушіге неғұрлым көптеген мәлімет жинауға және қылмыстық істі ашуға көмектеседі.

Тергеушілердің еңбектік дамуының ең маңыздысы - ол: тергеуге диалогты енгізу , жоғары мәдениетте істі жүргізу және оған мүмкіндік бере отырып , оқу процессіне күрделі оқыту әдісін енгізу.

